

Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 31 қаңтардағы N 48

Республиканың ұлттық игілігі болып табылатын ежелгі өнер мен көркем қолөнері бірегей туындыларының сенімді сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жаңа экспозицияларды ұйымдастыруға, экспонаттарды жаңғыртуға және қалпына келтіруге, арнайы құрал-жабдықтар алу мен күзет сигнализацияның монтажына Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан 20 (жиырма) млн. теңге, соның ішінде:

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне 11 (он бір) млн. теңге, одан Мемлекеттік орталық музей үшін 7,7 млн. теңге (жеті миллион жеті жүз мың) және Алтын және асыл металдар музейіне 3,3 млн. теңге (үш миллион үш жүз мың);

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына Марғұлан атындағы Археология институтының археология музейі үшін 9 (тоғыз) млн. теңге бөлінсін.

Премьер-Министр